

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Кенжебекқызы Алтынай

Алматы облысы, Алға елді мекенін шаруашылық – ауыз сумен қамтамасыз ету
жобасы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Инженерлік жүйелер және желілер
кафедрасы меңгерушісі

техн.ғылым канд., ассоц проф.

 Алимова К.К.

« 17 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Алматы облысы, Алға елді мекенін шаруашылық – ауыз сумен
қамтамасыз ету жобасы ”

Мамандығы 5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

Орындаған

Кенжебекқызы .А

Ғылыми жетекші

PhD докторы, лектор

 А.Т.Мақыжанова

« _____ » _____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B080500 – Су ресурстары және суды пайдалану

БЕКІТЕМІН

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы меңгерушісі

техн.ғылым.канд., ассоц проф.

Алимова К.К.

« 07 » 09 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Кенжебекқызы Алтынай*

Жобаның тақырыбы *Алматы облысы, Алға елді мекенін шаруашылық – ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы*

Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан № 1210-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2019 жылғы « 30 » сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: *Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің аймақтық гидрогеологиялық және мелиорациялық орталығының (Алматы қ.) РМУ-де өнеркәсіптік және диплом алдындағы тәжірибе өту кезінде жиналған материалдар және зерттеу және жобалау жұмыстары кезінде алынған мәліметтер.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Негізгі (технологиялық) бөлім
2. Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы
3. Экономикалық бөлім

Сызба материалдарының _____ слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 20 атаудан тұрады.

7 ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2009, 5.2.12 секциялар

8 Николадзе Г.И. Сумен жабдықтау - 2 дана, М: құр, 1979 ж 0238 б.




Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Негізгі бөлім	12.02.19ж.- 30.03.19ж.	
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	01.04.19ж.- 16.04.19ж.	
Экономикалық бөлім	16.04.19ж. - 30.04.19ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

Қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Макыжанова А.Т. PhD докторы, лектор	14.02.19	
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	Макыжанова А.Т. PhD докторы, лектор	10.04.19	
Экономикалық бөлім	Макыжанова А.Т. PhD докторы, лектор	20.04.19	
Нормалық бақылаушы	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	10.05.19	

Жобаның жетекшісі, PhD докторы, лектор



А.Т.Макыжанова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Кенжебеккызы.А

Күні

« _____ »

_____ 2019 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаны орындау объектісі Алматы облысының оңтүстік бөлігінде, Еңбекші Қазақ ауданында орналасқан, Бәйтерек ауылдық округының құрамына кіретін, Алға ауылы болып табылады.

Қазіргі уақытта, жергілікті тұрғындар санының өсуіне байланысты ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету қиындады. Барлық суды тұтынушылар бойынша су шығындарының жалпы таралуы 13,86 дм³/сек құрады, бұл қазіргі уақытта жұмыс жасап тұрған тіректі ұңғыманың дебитінен айтарлықтай жоғары.

АННОТАЦИЯ

Объектом выполнения дипломного проектирования является поселок Алга, расположенный в Енбекши-Казакском районе в южной части Алматинской области, который входит в состав Байтерекского сельского округа. Здесь в настоящее время, в связи с ростом численности местного населения, сложилась непростая ситуация с обеспечением сельских жителей питьевой водой. Суммарное распределение расходов воды по всем потребителям составило 13,86 дм³/сек, что в настоящее время фактически намного превышает существующий дебит опорной скважины.

ANNOTATION

The object of the graduation design is the village of Alga, located in the Enbekshi-Kazakh district in the southern part of the Almaty region, which is part of Baiterek rural district. Here at present, due to the growth of the local population, there is a difficult situation with the provision of rural residents with drinking water. The total distribution of water consumption for all consumers amounted to 13.86 dm³ / s, which is now actually much higher than the existing flow rate of the reference well.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	6
1	Жобалау объектісінің орналасу жағдайының сипаттамасы	7
1.1	Жұмыс ауданы туралы жалпы деректер	7
1.2	Есептік суды тұтыну	9
1.3	Ауылда су құбыры желісін ішінара қайта құру бойынша есептеу деректерінің сипаттамасы	12
1.4	Сумен қамтамасыз ету жүйесін таңдау	13
1.5	Жерасты сулары базасында сумен қамтамасыз ету көздерін іздеу	16
1.6	Ауыз суды сақтау үшін резервуарлар	19
1.7	Ластану көздерінің болуы	19
1.8	Жұмыс телімінің сейсмикалығы	21
1.9	Жобаланып отырған сужинағышта санитарлық қорғау белдемін ұйымдастыру	22
2	Жобаланып отырған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ұсынылған пайдалану сұлбасы	23
2.1	Ұңғыманың конструкциясы мен сорапты таңдау	23
2.2	Ұңғыманы бұрғылау тәсілін таңдау	23
2.3	Бұрғылау станогын жөндеу	24
2.4	Жуу сұйығын дайындау үшін сазды ерітіндінің параметрлерін таңдау	24
2.5	Ұңғымадағы геофизикалық зерттеулер	25
2.6	Сулы горизонттың суқайтарымдылығы мен суөткізгіштігін қайта қалпына келтіру	25
2.7	Тәжірибелік жұмыстар	25
2.8	Жобаланып отырған сумен қамтамасыз ету жүйесін пайдаланудың ұсынылған сұлбасы	25
3	Техника - экономикалық көрсеткіштерді жоба алдында талдау	27
3.1	Жобаланған жұмыстардың сметалық құны мен уақыт шығынын есептеу	27
3.2	Пайдаланылатын шығындар	27
3.3	Құрылыс мерзімі	28
	Қорытынды	29
	Пайдаланған әдебиеттер тізімі	30
	А қосымшасы	31
	Б қосымшасы	37
	В қосымшасы	38
	Г қосымшасы	39

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаны орындау объектісі Алматы облысының оңтүстік бөлігінде, Еңбекші Қазақ ауданында орналасқан, Бәйтерек ауылдық округының құрамына кіретін, Алға ауылы болып табылады.

Әлеуметтік сфераның дамуы өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартады, білім беру мәселелерін, медициналық қызмет көрсету, ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді. Бұл өте қажет – өйткені жылына жүзден астам бала туады, тұрғындардың көшіп қонуы қарқынды дамуда.

2017 жылы Алға ауылында жаңа мектептің құрылысы аяқталды, сол жерге жаңа дәрігерлік амбулатория құрылысы басталып кетті.

Қазіргі уақытта, ауылды сумен қамтамасыз ету 1982 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан, шегенделген гидрогеологиялық ұңғымалармен, жерасты сулары есебінен Әубәкіров көшесі бойында, аумақтың солтүстік аумағында салынған сужинағыштан жүзеге асырылуда.

Пайдаланылып жатқан ұңғыманың техникалық жағдайы 35 жылдан аса күрт нашарлады, ал ұңғыманың дебиті $5 \text{ дм}^3/\text{сек}$ дейін төмендеді. Барлық суды тұтынушыларға су шығынын $13,86 \text{ дм}^3/\text{сек}$ таратуда, ауылдың оңтүстік бөлігі мен жаңа салынған үйлер сумен қамтамасыз етілмеген.

Сондықтан, бұл жоба актуалды және қолданбалы жұмыс болып табылады. Жұмыс жобасын жасауда ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін гидрогеологиялық ұңғымаларды жабдықтау мен бұрғылау бойынша жобалық және сметалық материалдар және осы жобаның авторымен орындалған жобалық–сметалық есептеклер, фондылық, сметалық және әдістемелік әдебиет пайдаланылды.

Елді–мекенге судың жеткілікті мөлшерін беру оны қолайландыру деңгейін көтеруге болады. Жұмысты жүргізуде объектінің пайдалану қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік беретін қазіргі құрылыс материалдарын және отандық немесе шетелдік басқа орнату құралдарын қолдану ұсынылды.

Объектінің базистік құны республикалық жинақтарды бағалау мен сметалық нормаларды пайдалану арқылы, мемлекеттік нормалар мен бағаларда анықталатын, бағалардың тұрақты деңгейінде анықталды.

Жобаны жүзеге асыру – тұрғындарды таза, сапасы жақсы сумен қамтамасыз ету мүмкіндігі, бұл адамдарды су арқылы берілетін эпидемиологиялық аурулардан сақтайды және үлкен гигиеналық мәнге иеленеді.

1 Жобалау объектісінің орналасу жағдайының сипаттамасы


1.1 Жұмыс ауданы туралы жалпы деректер

1.1.1 Әкімшілік және географиялық жағдайы

Дипломдық жобаны орындау объектісі Алматы облысының оңтүстік бөлігінде, Еңбекші Қазақ ауданында орналасқан, Бәйтерек ауылдық округының құрамына кіретін, Алға ауылы болып табылады. Шамамен Есік қаласынан солтүстік батысқа қарай 25 км табылады. GPS координаттары: N 43° 26' 37.896" E 77° 10' 34.176"

1999 жылы ауыл тұрғындарының саны 1258 құрады (601 ер адам, 657 әйел адам). 2009 жылдың санақ деректері бойынша ауылда 1366 тұрады (700 ер адам, 666 әйел адам). Қазіргі уақытта жай деректер мен келешекті ескеру бойынша 1500 адамға дейін көбейген.

Жұмыс телімі орографиялық қатынаста белесті, солтүстікке қарай еңісті тауалды жазығында орналасқан, ол өздігінен жайпақ–еңісті, өзен, бұлақ және уақытша су құйылыстары арналарымен тілімделген бетті көрсетеді.



1.1 Сурет – Жұмыс телімінің шолу картасы

1.1.2 Климаты

Ауданның климаты күрт континенталды, ыстық және құрғақ жаз мерзімі, суық және аз қарлы қысқа айналады. Ауаның орташа жылдық температурасы плюс 7,7°С. Ауаның кері орташа айлық температурасы 4 ай сақталады (қараша–ақпан).

Ең суық ай – қаңтар (минус 7,2 °С). Ауаның кері температурасы грунттың тереңдікте қатуына әсер етеді, ол саздақтар үшін 0,96 м, құмтастар үшін 1,16 м, ірі сынықты түзілімдер үшін -1,41 м құрайды.

Аумақтың желдік режимі әртүрлі сипатты иеленеді. Тауалды аудандарында оңтүстік–шығыс бағыттағы желдер байқалады. Жазық аудандарда оңтүстік батыс бағыттағы желдер басым.

Плиоцен түзілімдерінің жер бетіне шығуы оңтүстік тауалды бөлігінде белгілі. Тауалды жазығында олар 462-615м тереңдіктерде ұңғымалармен ашылады. Бұл түзілімдер литологиялық қатынаста ірі сынықты жиналу қабатымен, негізінен сазды толықтырушы және малталар мен құмдардың жеке қабатшаларымен ашылған.

Төрттік түзілімдер (Q) генезисінің, литологиясы мен қалыңдығының әртүрлілігімен ерекшеленеді

1.1.3 Жоба аумағының геология - литологиялық құрылымы

Жұмыс ауданының геологиялық құрылымында палеозой мен қазіргі түзілімдерге дейінгі жаралымдар қатысады.

Қатпарлы іргетас беті тегіс емес, ойыстар және көтерілімдермен күрделенген, олардың пайда болуы таңдаулы денудация ретінде, сол сияқты оның блоктық құрылымы мен жаңа тектоникалық қозғалыстардың байқалуының дифференцирленген сипатына негізделген.

Қатты іргетас таужыныстарында палеоген, неоген және көбінесе аллювиалды–пролювиалды генезисті төрттік жаралымдардың борпылдақ сынықты қалың қабаты жатады.

1.1.4 Гидрогеологиялық жағдайлар

Жобалық жұмыс телімі жерасты суларының Шығыс Талғар кенорыны шектерінде орналасқан.

Жобалық телімде тікелей ортаңғы–жоғарғы төрттік аллювиалды–пролювиалды сулы кешен (*арQII-III*) таралған.

Жерасты сулары деңгейінің жаты тереңдігі 1.5–33.5 м дейін ауытқиды. Жобаланып отырған сужинағыш телімінде пьезодеңгей жер бетінен 3,0 – 7,0 м төменде белгіленеді. Сулы кешеннің ашылған қалыңдығы 6.0 –114.65 м құрайды. Кенорыны алаңы бойынша таужыныстарының сулылығы енді шектерде өзгереді.

Жобаланып отырған сужинағыш телімінде ұңғымалардың дебиті су деңгейі 4,5 – 6,0 м төмендегенде 10.5 л/с, ал батыс бөлікте 9 л/с құрайды.

Кенорынының жерасты сулары тұщы, минералдылығы 0.6 г/л дейін. Сулар сапасы бойынша, орталықтан шаруашылық – ауыз сумен қамтамасыз етуге қойылған барлық талаптарға жауап береді.

Негізгі есептік гидрогеологиялық параметрлер: сүзілу коэффициент – 9.2 м/тәу; сүеткізгіштік - 682.6 м²/тәу; пьезоөткізгіштік - 2.88x10³ - 4.04x10⁵ м²/тәу.

Есептік сужинағыш өздігінен 7 ұңғымадан сызықты қатарды көрсетеді. Сужинағыштың ұзындығы 1080 м. Ұңғымалар арасындағы арақашықтық 150-225 м. Ұңғымалардың тереңдігі - 150 м, ұңғыманың дебиті - 25.8-120.8 л/с. Амортизациялық кезеңнің соңына қарай есептік төмендеу (10000 тәулік) - 60-97 м.

Кенорынында пайдаланылатын қорлар келесідей мөлшерде ТҚК (№ 193 протокол 27.03.69 ж.) бекітілген, мың.м³/тәулік: А - 20.8; В - 22.4; С₁ - 17.8; А+В+С₁ - 61.0.

Кенорынының жерасты сулары елді –мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Қазіргі сутарту туралы деректер жоқ. Бұрынғы жылдардағы сутарту 15-16 мың.м³/тәулікті құрады.

Тауалды жазығы шектерінде пайдаланылатын ұңғымалар бойынша жерасты суларының сапасында қандай да бір өзгерістер байқалмайды. Сулар тұщы, органолептикалық және химиялық көрсеткіштер бойынша СанПиН 3.02.002-04 «Ауыз сумен қамтамасыз етудің орталықтандырған жүйесіндегі сулардың сапасына санитарлық –эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес келеді. Ұңғымалардың дебиттері 40-50дм³/с дейін.

1.2 Есептік суды тұтыну

1.2.1 Тұрғындардың шаруашылық-ауыз суды тұтынуы

Тұрғындардың тапсырыс берілген келешектегі саны N= 1500 адамға тең. 1 тұрғынға шаруашылық–ауыз суды тұтыну нормасы = 148 л/тәулікті құрайды.

Максималды тәуліктік және сағаттық шығындарды анықтау үшін тәулік және сағаттық әркелкілік коэффициентін табамыз.

Тәуліктік әркелкілік коэффициенттерін тең деп аламыз:

$$K_{\text{тәул.мах}} = 1,3; K_{\text{тәул.мин}} = 0,9$$

Тұтынушының сағаттық әркелкілік коэффициентін төмендегі формулалар бойынша анықтаймыз:

$$K_{\text{сағ.мах}} = \alpha_{\text{мах}} \cdot \beta_{\text{мах}} = 1,2 \cdot 1,8 = 2,16 \quad (1)$$

$$K_{\text{сағ.мин}} = \alpha_{\text{мин}} \cdot \beta_{\text{мин}} = 0,5 \cdot 0,1 = 0,05 \quad (2)$$

α – ғимараттарды көркейту дәрежесін, кәсіпорынның жұмыс режимін және басқа да жергілікті жағдайларды ескеретін коэффициент, төмендегідей аламыз:

$$\alpha_{\text{мах}} = 1,2 ; \alpha_{\text{мин}} = 0,5$$

β – елді-мекенде тұрғындар санын ескеретін коэффициент, төмендегідей аламыз:

$$\beta_{\max} = 1,5; \beta_{\min} = 0,1$$

1.2.2 Өртке қарсы суды пайдалану

Сыртта өртті сөндіруге судың шығынын есептеу елді-мекеннің көлеміне, ғимараттың өртке төзімділік дәрежесі мен қабаты, өндіріс категориясында өндірістік ғимараттардың көлемі мен басқа да факторларға байланысты.

Бір уақытта болатын өрттер санын есептеуді – 1 деп аламыз. Бір өртке судың шығыны $Q_{\text{орт}} = 10 \text{ л/с}$, шығын ҚНМЕ ҚР 4.01-02-2001 «Сумен қамтамасыз ету. Сыртқы тораптар мен құрылымдар» бойынша алынады.

Осы категориялы елді-мекендер үшін ол тұрақты = $10 \text{ дм}^3/\text{сек}$.

1.2.3 Пайдалану түрлері бойынша судың шығыны

Су шығындары пайдалану түрлері мен ауыл бойынша қамтиды: тұрғындардың шаруашылық – ауыз суды пайдалануы.

Бір жылда орташа тәуліктік шығын келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{\text{тәул.орт}} = \frac{q_{\text{орт}} \cdot N}{1000} = \frac{148 \cdot 1500}{1000} = 222 \text{ м}^3/\text{тәул} = 2,57 \text{ л/с} \quad (3)$$

мұнда $q_{\text{тәул}}$ – суды пайдаланудың қабылданған орташа нормасы, л (адам/тәулік);

N – тұрғындардың есептелген саны, адам;

Тәулігіне суды аз және көп пайдаланудағы суды есептеу шығынын төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$Q_{\text{тәул.мах}} = K_{\text{тәул.орт}} \cdot Q_{\text{тәул.орт}} = 1,3 \cdot 222 = 288,6 \text{ м}^3/\text{тәул} , \quad (4)$$

$$Q_{\text{тәул.мин}} = K_{\text{тәул.орт}} \cdot Q_{\text{тәул.орт}} = 0,9 \cdot 222 = 199,8 \text{ м}^3/\text{тәул} . \quad (5)$$

Судың сағаттық есептеу шығыны төмендегі формула бойынша анықталады:

$$q_{\text{сағ.мах}} = K_{\text{сағ.мах}} \cdot \frac{Q_{\text{тәул.мах}}}{24} = 2,16 \cdot \frac{288,6}{24} = 25,97 \text{ м}^3/\text{сағ} , \quad (6)$$

$$q_{\text{сағ.мин}} = K_{\text{сағ.мин}} \cdot \frac{Q_{\text{тәул.мин}}}{24} = 0,05 \cdot \frac{199,8}{24} = 0,42 \text{ м}^3/\text{сағ} \quad (7)$$

- суаруға суды пайдалану

Ауылда ауылшаруашылық дақылдарын суару арықты жүйенің көмегімен жүзеге асырылады.

-ауылдық жалпы суды пайдалануы

Ауыл тұрғындарының шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне тәулік сағаты бойынша судың шығыны сағаттың әркелкілік коэффициентінде алынған: $K_{сағ.мах} = 2,16$.

Магазиндерген, әкімшілік ғимараттарына, мәдениет үйіне және басқа тұтынушылармен суды пайдалануда судың шығыны – бір қалыпты.

Бір жылдағы шығын деректері бойынша тәулігіне суды пайдаланудың жалпы шығынын есептейміз:

$$Q_{\text{тәул.орт.сутұтыну}} = \frac{1400+500+55+50+10+100+350+500}{365} = \frac{3155}{365} = 0,09 \text{ л/с} \quad (8)$$

Су шығынының қабылданған таралуы негізінде барлық тұтынушылар бойынша шығынның жалпы таралуын құрамыз:

$$Q_{\text{орт.тәул}} = Q_{\text{тәул.орт}} + Q_{\text{өрт}} + Q_{\text{тәул.орт.сутұт}} = 2,57 + 10 + 0,09 = 12,66 \text{ л/с} = 1093 \text{ м}^3/\text{тәул} \quad (9)$$

мұнда $Q_{\text{орт.тәул}}$ - тұрғындардың шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне орташа тәуліктік шығын;

$Q_{\text{өрт}}$ - өртке қарсы суды пайдалануға су шығыны;

$Q_{\text{тәул.орт.тұтыну}}$ - басқа да пайдаланушылармен шығын.

Алға ауылында қоғамдық малдар бар, олардың жалпы саны 2072 бас; суды тұтыну нормасын 50 л/с тең деп аламыз:

Сонда, малдармен жалпы суды пайдалану тең болады:

$$Q_{\text{тәул.орт.ұңғ}} = \frac{q_{\text{орт.ұңғ}} \cdot N_{ск}}{1000} = \frac{50 \cdot 2072}{1000} = 103,6 \text{ м}^3/\text{тәул} = 1,19 \text{ л/с} \quad (10)$$

мұнда $q_{\text{орт.тәул}}$ – суды пайдаланудың қабылданған орташа нормасы, л/(бас*тәулік);

$N_{ск}$ – малдың есептелген саны, бас;

Барлық тұтынушылар бойынша су шығындарының жалпы таралуы $12,66 + 1,19 = 13,86 \text{ дм}^3/\text{сек}$ құрады, қазіргі уақытта фактілі тіректі ұңғыманың дебитінен жоғары. Осыған байланысты $8 \text{ дм}^3/\text{сек}$ шығынды қосымша ұңғыманы жобалап отырмыз.

Мал үшін су дайындық кезеңінен өтпейді, сондықтан есептеуге қосылмайды.

1.3 Ауылда су құбыры желісін ішінара қайта құру бойынша есептеу деректерінің сипаттамасы

1.3.1 Еркін арынды анықтау

Елді–мекеннің су құбыры желісінде, жер бетіндегі ғимаратқа кіргендегі максималды шаруашылық –ауыз суды пайдалануда минималды еркін арын 10 м кем емес бір қабатты ғимаратта, ал көп қабатты болғанда әрбір қабатқа 4 м қосу бойынша алынады.

Жоғары қысымды өртке қарсы су құбыры желісінде еркін арын өртті сөндіруге судың толық шығынында және ең биік ғимараттың, ең жоғарғы нүктесі деңгейінде өртті оқпанның орналасуында 10м кем емес тұтас ағыстың биіктігін қамтамасыз етуі керек.

Су құбыры желісінде минималды еркін арынды 2 қабатта анықтаймыз:

$$H_{\text{уңғ}} = 10+4=14 \text{ м} \quad (11)$$

Төмен қысымды өртке қарсы су құбыры мен біріккен шаруашылық –ауыз су үшін өртті сөндіруде минималды еркін арын $H_{\text{уңғ}} = 10$ м тең.

1.3.2 Желі телімдері бойынша шығындарды анықтау

Су құбыры желісін тарту келесідей негізгі ережелерді орындаумен негізделген:

- су құбыры желісі суды тұтынушылардың барлығын біркелкі қамтуы керек.

- су құбыры желісінің құны төмен болуы керек, суды ғимарат нүктелеріне қысқа бағытта жеткізу қажет, ол су құбыры желілерінің аз ұзындығын қажет етеді.

- су құбыры желісі қалыпты жұмыста, сол сияқты жеке телімдерде апат болғанда да суды пайдаланушыларға суды үздіксіз беруді қамтамасыз етуі керек.

Су құбыры желісін есептеудің келесі кезеңі жеке телімдер бойынша жол шығындарын анықтау болып табылады. Осы мақсатта желінің барлық телімдерінің жалпы ұзындығы анықталады.

Үлестік шығын төмендегі формула бойынша анықталады:

$$q_{\text{мен}} = \frac{Q_{\text{орт.тәул}}}{\sum L} = \frac{12,66}{6,585} = 1,922 \text{ л/с} \quad (12)$$

мұнда $q_{\text{мен}}$ - 1 километрге кететін шығын;

$Q_{\text{орт.тәул}}$ - жалпы тәуліктік шығын;

$\sum L$ - жалпы телім ұзындығы;

Жолдық шығындарды келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$q_{\text{жол}} = L \cdot q_{\text{мен}} \quad (13)$$

мұнда L - телімнің ұзындығы;

$q_{\text{мен}}$ - 1 километрге кететін шығын;

Өртті сөндіруде судың есептік шығынын шектік экономикалықтан көп жоғарылатуға болады, өйткені өрттер көп жалғаспайды және бұл желінің экономикасында байқалмайды.

1.4 Сумен қамтамасыз ету жүйесін таңдау

Сумен қамтамасыз етудің жобаланып отырған жүйесі – адам саны 5 мың адамнан аз болғанда суды беруді қамтамасыз етудің III категориясына жатады.

Жобада тұтынушылардың жеке категорияларымен суды пайдалану көлемдерін талдау негізінде ауылды біріккен өртке қарсы жүйе мен шаруашылық-ауыз су жүйелері қабылданған.

Су құбыры желісі құдықтар және өртке қарсы гидранттармен жабдықталған.

1.4.1 Сумен қамтамасыз ету жүйесі құрылымының құрамы мен сұлбасын таңдау

Ауылға суды беру үшін арынды су құбырларын салу қарастырылады. Су құбыры желісі тұйықталып орындалады. Су құбырының ұзындығы орындалған топографиялық түсірім мен сужинағыш торатарын орналастыру жағдайларынан анықталады және $L=6585$ м құрайды. Құбырлардан шыққанда қалдық арын $H_{\text{нұғ}}=6,0$ м құрайды.

Геодезиялық арын $H_r = 516-508=8,0$ м тең. Су құбырын бір сызыққа жобалаймыз, бұл суды беруді қамтамасыз етудің III категориясына сәйкес келеді.

Жобада арынды су құбыры үшін $d=65$ мм SDR-21 полиэтиленді, жоғары қысымды полиэтиленді PE-100 құбырлар қабылданған. Материалды таңдау келесідей:

- тозуға төзімділігі жоғары;
- айтарлықтай төмен құнымен;
- пайдалануда қарапайымдылығымен.

Ары қарай құбырдың ұзындығы бойынша арынның шығынын белгілейміз. Есептеуді «Пластмасса құбырлардан канализациялар мен сумен қамтамасыз ету желілерін жобалау мен жөндеу бойынша нұсқау және ҚН478-80» негізінде жүргіземіз. Арынның шығынын Шевелевтің кестесі бойынша анықтаймыз:

$$H = H_r + h_i + h_M = 8 - 0,9 = 7,1 \text{ м} \quad (14)$$

Жалпы шығындар еркін арыннан аз ($H = -6,9$ м)

Жұмыс көлемдерінің сутаратқыштың бойлық профилі, бөлшектеу, сипаттама мен тізімдемелер 74-01-110 сызбаларда келтірілген.

«Су құбырларын гидравликалық есептеу үшін кесте» бойынша құбырдағы судың қозғалу жылдамдығы, диаметрін, арынның шығынын таңдаймыз және кестеге толтырамыз.

Су айдайтын мұнара багінің көлемі:

$$W=W_{\text{пер.}}+W_{\text{өрт.}}+W_{\text{хп}},$$

мұндағы $W_{\text{пер}}$ – магистралды су құбырында суды беру мен суды пайдалану графиктерін біріктірудің анықтайтын, реттеуші көлем. Таңдаумен су құбыры желісінің жұмыс графигі анықталады, онда реттейтін сыйымдылық минималды 5 сағат 30 минуттан 10 сағатқа дейін, 11 сағат 30 минуттан 14 сағат 30 минутқа дейін, 15 сағат 30 минуттан 23-00 дейін.

$W_{\text{пер}}$ - көлемі максималды тәуліктік суды пайдаланудан 82,7 пайыз немесе $15,8\text{м}^3$ құрайды;

$W_{\text{өрт}}$ – бір өрт сөндіруде он минуттық ұзақтықты қамтамасыз ететін өрт көлемі (10л/с шығындар).

$$W_{\text{өрт.}}10 \times 600 = 6,0 \text{ м.}$$

$W_{\text{хп}}$ — бактің өрттік көлемін пайдалану кезінде шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне судың көп шығыны.

Бактың минималды сәйкестенген сыйымдылығын аламыз.

Мұнараның биіктігі қажетті еркін арынды қамтамасыз ету жағдайынан анықталады.

Жүргізілген есептеулер нәтижесінде, 901-5-32С типтік жобасы бойынша $25,0\text{м}^3$ сыйымдылықты, тіректің биіктігі 12 м, заводта дайындалған сәйкестенген болат мұнара алынған.

Сыртта өртті сөндіру үшін өрт крандары жер үсті және жерасты болады. Оларды сыртқы су құбыры желісіне орнатады. Бірінші типтегі гидранттар кеңінен қолданылады.

Жерасты типте гидранттар құдықта толығымен орналасады. Гидранттың биіктігі құбырды төсеу тереңдігіне байланысты және москва типте гидранттар үшін 500 -2500 мм шектерде ауытқиды.

Су баған бойынша көтеріледі және өртте қолданылатын келте құбырлардың бірігуін қамтамасыз ететін, тез қосылатын гайкалармен жабдықталған стендердің келте құбырларына келеді.

Бағанның төменгі бөлігінде судың қатуын болдырмау үшін жабылғаннан кейін суды шығару үшін саңылау бар.

Стендер келте құбырлардың саңылауы жабылғанға дейін гидранттың жабылуынан мүмкіндік бермейтін шектеу қондырғысымен жабдықталған. Бұл гидрантты жабуда гидравликалық соққының туындауының алдын алады.

Жоғарыда айтылғандай, желіде орнатылған су құбыр арматурасы әдетте осы үшін арнайы жабдықталған құдықтардың ішінде орналасады.

Құдықтар темір бетонды, кірпішті, жеке жағдайларда шойтастан болады. Уақытша су құйылыстары үшін кейде ағаш құдықтарды орнатады.

Көп құрылыстарда жиналатын темір бетонды құдықтар тиімді және барынша жетілген, оларды заводтарда темір бетон бұйымдарынан дайындаған деталдардан жасалады.

Су құбыры желілерін салуды ҚНМЕ 3.05.04-85*, ЕҚ ҚР 4.01-05-2002, ҚНМЕ ҚР 1.03-05-2001 сәйкес жүргізу керек. Қазу жұмыстарын жүргізгенде су деңгейін төмендету сутөтпе арқылы жүргізіледі.

Полиэтиленді құбыр астындағы грунтта кірпіш, тас және қиыршықтастар болмауы керек. Құбырлардан жоғары полиэтиленді құбырларды қайта жабуда 30 см қалыңдықтағы қорғаныш қабаты жұмсақ грунттан болуы керек. Сонымен қатар қолмен және механикалық тегістеуге болмайды.

Қорғаныш қабатын жасауда құбырлардың қосылған жерлерін ашық тастамау керек. Қыс мезгілінде қорғаныш қабатын жасау қатпаған грунтпен жүргізіледі. Су жіберетін құдық қабатының немесе ғимарат іргетасының полиэтиленді құбырлармен қиылысқан жерлерінде пластмассалы муфтаны алу керек.

Саңылауды бітеу үшін шайырланған арқанды немесе пластмассалы құбырлар иірімін полихлорвинилді немесе полиэтиленді қабықшамен 2-5 қабатқа орау керек.

Құдықтар – бұл жер астында орналасқан су өткізбейтін темір бетонды шахталар. Шолу құдығына төмен түсіру үшін саңылаусыз жабылған қақпақты люк қарастырылады, оны жылдың суық мерзімінде жылытады; қабырғасына шойын немесе болат қапсырмалар қиыстырылған.

Шолу құдықтары арқылы су құбыры желісінде судың ластану қауіпсіздігі шахтаға су толғанда болады.

Қалалық, ауылдық және кәсіпорындық су құбырлары желісінен шаруашылық-ауыз суды тарату тұрғын үй, қоғамдық және кәсіпорындық ғимараттарда орналасқан ішкі су құбыры крандары арқылы жүргізіледі.

Су беруді қамтамасыз етудің III категориялы сумен қамтамасыз ететін жобаланған жүйе сипатталады:

- сумен қамтамасыз ету көзінің түрі бойынша – жерасты суларын пайдалану арқылы;
- суды тарату тәсілі бойынша – айдау арқылы (тұтынушыларға су сораптармен беріледі);
- мақсаты бойынша – біріккен шаруашылық-ауыз су, кәсіпорындық, өртке қарсы;
- қызмет көрсетілетін объектілердің түрлері бойынша – ауылдық;
- суды тұтынушылардың аумақтың қамтылуы бойынша – ауылдың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан, барлық тұтынушыларды сумен қамтамасыз ететін – орталықтан;
- суды пайдалану сипаты бойынша – тік ағынды.

1.5 Жерасты сулары негізінде сумен қамтамасыз ету көздерін іздеу

Сумен қамтамасыз ету көзін таңдау сумен қамтамасыз ету жүйесін жобалауда жауапты тапсырмалардың бірі болып табылады, өйткені ол жүйенің өзінің сипатын, оның құрамын сол немесе басқа құрылымдардың бар екендігін, яғни құрылыс пен пайдалану құнын анықтайды. Сумен қамтамасыз ету көзі келесі талаптарды қанағаттандыруы керек:

- а) объектінің болашақта дамуында суды тұтынудың өсуін ескеру арқылы, одан қажетті су мөлшерін алуды қамтамасыз ету;
- б) тұтынушыларды сумен үздіксіз қамтамасыз етуді;
- в) тұтынушыларға сапасы жақсы суды беру немесе оны қарапайым және арзан тазарту жолымен беру;
- г) аз шығынмен объектіге суды мүмкіндігімен қамтамасыз ету;
- д) алынған су экологиялық жағдайды бұзбауы үшін қуатты иелену.

Шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету көздерін таңдауда МЕМСТ «Орталықтандырып шаруашылық – тұрмыстық қамтамасыз ету көздері, Гигиеналық, техникалық талаптар мен таңдау ережесіне» сүйенеді. Олармен су сынамасының мөлшері мен талдаулардың қажетті көлемі, судың сапасы мен жағдайлары анықталады, онда су көзі орталықтан сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылуы мүмкін. Сумен қамтамасыз ету көздерінде судың бастапқы сапасы мен оларды өңдеудің сұлбасын таңдау СанЕмН 3.01067-97 «Ауыз су. Су сапасына гигиеналық талаптар» талаптарына сәйкес келетін суды алуға кепіл болуы қажет.

Қазіргі уақытта, ауылды сумен қамтамасыз ету 1982 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан, шегенделген гидрогеологиялық ұңғымалармен, жерасты сулары есебінен Әубәкіров көшесі бойында, аумақтың солтүстік аумағында салынған сужинағыштан жүзеге асырылуда.

Пайдаланылып жатқан ұңғыманың техникалық жағдайы 35 жылдан аса күрт нашарлады, ал ұңғыманың дебиті $5 \text{ дм}^3/\text{сек}$ дейін төмендеді. Барлық суды тұтынушыларға су шығынын $13,86 \text{ дм}^3/\text{сек}$ таратуда, ауылдың оңтүстік бөлігі мен жаңа салынған үйлер сумен қамтамасыз етілмеген.

Сондықтан, бұл жоба актуалды және қолданбалы жұмыс болып табылады. Жұмыс жобасын жасауда ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін гидрогеологиялық ұңғымаларды жабдықтау мен бұрғылау бойынша жобалық және сметалық материалдар және осы жобаның авторымен орындалған жобалық–сметалық есептеулер, фондылық, сметалық және әдістемелік әдебиет пайдаланылды.

Ұңғыма сағасы үстінде көзбен шолып тексеру деректері бойынша $2,5 \times 2,5 \times 2 \text{ м}$ көлемді, темір бетонды тақталардан шегендеу үсті құрылымы жабдықталды. Металл есіктермен жабылған. Шегендеуі үсті құрылымы қанағаттандырмайтын жағдайда. Ұңғыма маңында қоршаулар жоқ. Яғни, санитарлық қорғау белдемі сақталмайды.

Ұңғыманың жанында 15 м арақашықтықта су айдайтын мұнара бар. Ұңғыманың дебиті $6,0 \text{ дм}^3/\text{сек}$. Ұңғыманың бастауы 100 және 120 мм

диаметрлі суды бұратын құбырлармен жабдықталған, олармен су айдайтын мұнараға, ары қарай Алға ауылына су беріледі. Ұңғымада сым жүргізілген. Бастау манометр, судың сынамасын алу үшін кранмен және СУЗ жабдықталған.

Арнайы суды пайдалануға рұқсат берілген құжаттың уақыты өтіп кеткен. Ұңғыма құжатындағы суды пайдаланушы берген деректер бойынша анықталды: ұңғыманың тереңдігі -150 м; сүзгіні орнату типі мен аралығы - 110-125 м; құбырдың диаметрі 219 мм, бағанада сүзгіні бекіту тәсілі; ЭЦВ маркалы сорапты орнату типі мен тереңдігі.

Пайдаланылып жатқан ұңғыманың техникалық жағдайы 35 жылдан аса күрт нашарлады, ал ұңғыманың дебиті 5 дм³/сек дейін төмендеді. Барлық суды тұтынушыларға су шығынын 13,86 дм³/сек таратуда, ауылдың оңтүстік бөлігі мен жаңа салынған үйлер сумен қамтамасыз етілмеген.

Барлық тұтынушылар бойынша су шығындарының жалпы таралуы 12,66+1,19=13,86 дм³/сек құрады, қазіргі уақытта фактілі тіректі ұңғыманың дебитінен жоғары. Осыған байланысты 8 дм³/сек шығынды қосымша ұңғыманы жобалап отырмыз.

Сондықтан, бұл жоба актуалды және қолданбалы жұмыс болып табылады. Жұмыс жобасын жасауда ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін гидрогеологиялық ұңғымаларды жабдықтау мен бұрғылау бойынша жобалық және сметалық материалдар және осы жобаның авторымен орындалған жобалық–сметалық есептеклер, фондылық, сметалық және әдістемелік әдебиет пайдаланылды.

Елді-мекенге судың жеткілікті мөлшерін беру оны қолайландыру деңгейін көтеруге болады. Жұмысты жүргізуде объектінің пайдалану қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік беретін қазіргі құрылыс материалдарын және отандық немесе шетелдік басқа орнату құралдарын қолдану ұсынылды.

Телімнің геология – гидрогеологиялық жағдайлары мен ұңғыманың мақсатын ескере отырып, барлап – пайдалану ұңғымасын бұрғылау кернсіз роторлы тәсілмен қарастырылады. Телімнің геология–гидрогеологиялық қимасына, таңдалған режим, тереңдік пен соңғы диаметріне байланысты УРБ-ЗА-3 бұрғылау агрегатын таңдаймыз. Ол жобаланған ұңғыма конструкцияларына қойылатын талаптарға толық жауап береді. Диаметрі 394 мм, тереңдігі 20 м, ары қарай кондуктор орнатылады – құбыр маңы кеңістігін цементтеу арқылы 273 мм диаметрлі шегендеу құбырымен.

Шегендеуден кейін бұрғылау 150 м жобалық тереңдікте, 273 мм диаметрмен жүргізіледі. Бұрғылау соңында ұңғымада ұңғыма конструкциясын нақтылау мен сүзгіні орнату аралықтарын анықтау үшін каротажды зерттеу кешені жүргізіледі.

Каротажды жүргізгеннен кейін 219 мм диаметрлі шегендеу сүзгілік бағанасы орнатылады, ары қарай 1,5 бр/см сазсызданады.

Сүзгінің жұмыс бөлігі – 219 мм диаметрлі тесілген құбыр, бекіту жүйесі – диаметр; сыртқы – 219 мм, ішкі – 201,3 мм; жоғарғы саңылаусыз бөлігінің сыртқы ішкі ұзындығы – 110 м; тесілген бөлігі – 15 м.қаңқаның қуыстылығы -

33.8 пайыз, олардың 18 мм диаметрінде 1 км-ге 720 саңылау – 135,0-150,0, 165,0-178,0 және 215,0-22,0 м аралықтарда орнатылады.

Осыдан кейін ұңғымадан сынамалық сұтарту жүргізіледі (3 тәулік). Сұтартуды жүргізу уақытында деңгей мен дебитті кешенді толық бақылау жүргізіледі. Оның нәтижелері бойынша заводтық сипаттамалары бар, бататын орталықтан тепкіш сораптарды орнату ұсынылады: агрегаттың маркасы ЭЦВ - 8-40-40, беру – 40 м³ /сағат (немесе 11,1 л/сек); номиналды сипаттамалар: арын, - 40 м, ток, - 18А қуат, 6,3кВт, ұзындығы -1140 мм, салмағы -71 кг.

Шегендеу құрылымдары қондырғыны және ұңғыманың өзін атмосфералық әсерлер мен жер беті суларынан қорғау үшін, сол сияқты қондырғы мен ұңғымаға бөтен адамдардың кіруін болдырмау үшін керек.

Шығын өлшегіштің ұңғымадан жеке орналасуы қызмет көрсетуге ыңғайлылығы және су таратушы телімдердің шығынды өлшегенге дейінгі және кейінгі белгілі ұзындықтарымен анықталады. Электрлі магнитті шығын өлшегішті орнатуды ескере отырып, камералар арасындағы ұзындық 20 м тең (20 D бұратын құбырлар).

Қондырғылар мен құралдарды орналастыру үшін, сол сияқты жөндеу мен пайдаланудың қолайлылығы үшін камераның биіктігі 2,0-3,5 м деп алынады. Камера жинақты темір бетоннан құралады, оның қабырғалары КС-20-9 типтес екі темір бетонды сақинадан тұрады, диаметрі 200 мм МЕМСТ-8020-90, бір біріне орнатылған, төменгі жағынан ПН-20 типтес тақтамен, МЕМСТ-8020-90, жоғарғы жағынан 1ПП-20-1 тақтамен жабылған.

